

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ЫРГЫЗ АУДАНЫДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ
Т.ЖАМАНМҰРЫНОВ АТЫНДАҒЫ ЖББОМ КММ



Ақтөбе облысының білім басқармасы
Ырғыз аудандық білім бөлімінің
« 3 » тамыз 2021 жылғы
№ 02/150/1 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

«ЕРТЕГІЛЕР ЕЛІНДЕ»
(мектеп компоненті)
(МАД сыныбына арналған)

Құрастырған: Салмағанбет Г.Н.

Бағдарлама негізі: АББ 31.08.2021 ж бекітілген “Ертегілер елінде” әдістемелік құралын басшылыққа алып құрастырылған.

Құрастырған: Салмағанбет Г.Н.

Т.Жаманмұрынов атындағы ЖББ орта мектебінің әдістемелік педогогикалық кеңесі отырысында “Ертегілер елінде” курсы талқыланды

Хаттама №1

«27» тамыз 2021 жыл

Мектеп директоры:



Г.Ә.Нұрманова

Аудандық сараптау комиссиясының отырысында “Ертегілер елінде” бағдарламасы мақұлданды.

Сараптау комиссия төрайымы
Ырғыз аудандық білім бөлімінің
әдістеме кабинетінің меңгерушісі

М.С.Қияқбаева

Хаттама №1

«31» тамыз 2021 жыл

Т. Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін
орта мектебінің МАД сыныбының мұғалімі
Г.Салмағанбеттің «Ертегілер елінде» тақырыбындағы
таңдау курсына арналған авторлық бағдарламасына

Пікір

«Ертегілер елінде» мектепалды даярлық сыныбына арналған курс бағдарламасы тәрбиеленушінің тұлғалық дамуын қамтамасыз етіп, қоршаған орта заттары мен құбылыстары арасындағы байланыстар мен заңдылықтарды түсіну мен игеруіне қажетті барлық танымдық қалыптасушы процестерді дамытып, оларды іс-әрекетте қолдана алуын шыңдайтын бірден бір себепші бағдарлама. Балаларды ертегі жанрымен таныстыра отырып, ертегі кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың іс-әрекеттерін бағалауға, сөздік қорын, есте сақтау қабілеттерін дамытуға, сурет бойынша ертегі құрастыру іскерлігін, шығармашылық қабілетін танытады. Ертегі арқылы табиғат құбылыстарының сұлулығын сезінеді. Табиғатты, үй жануарларын құрметтеуге баулиды.

Мектеп директорының

оқу - ісі жөніндегі орынбасары:



С.Қанатбаева

Т. Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін
орта мектебінің МАД сыныбының мұғалімі
Г.Салмағанбеттің «Ертегілер елінде» тақырыбындағы
таңдау курсына арналған авторлық бағдарламасына

Пікір

2021-2022 оқу жылында жалпы оқу жоспары негізінде оқушы компоненті бойынша «Ертегілер елінде» курсы мектепалды даярлық сыныпта аптасына 1 сағат, барлығы 33 сағат оқытылады. Ұсынылып отырған «Ертегілер елінде» мектепалды даярлық кластарына арналған арнаулы курс бағдарламасы тәрбиеленушінің тұлғалық дамуын қамтамасыз етіп, қоршаған орта заттары мен құбылыстары арасындағы байланыстар мен заңдылықтарды түсіну мен игеруіне қажетті барлық танымдық қалыптасушы процестерді дамытып, оларды іс-әрекетте қолдана алуын шындайтын бірден бір себепші бағдарлама.

Бағдарлама баланың әр затты жан-жақты көре біліп, оның ерекше сипатты белгілерін бөліп алып, басқа заттармен салыстыруда ұқсастығы мен айырмашылығын таба білуге; заттарды жіктеп, топтауға тәрбиелеп; дұрыс шешім тауып, оны әңгімелеп айтуға; тұжырымдап, ой қорытынды жасай білуге; қалыптасқан жағдайға сәйкес білімдерін қолдана алуға; тапқырлығы мен зейінділігін дамытып; бір тапсырманы шешудің бірнеше тәсілін табуға үйретеді.

«Бастауыш» әдіс бірлестік жетекшісі:



М.Талмурзина

Түсінік хат

Кіріспе

2021-2022 оқу жылында жалпы оқу жоспары негізінде оқушы компоненті бойынша «Ертегілер елінде» курсы мектепалды даярлық сыныпта аптасына 1 сағат, барлығы 33 сағат оқытылады. Мектеп жасына дейінгі балалар негізінен табиғат пен қоршаған орта жайлы түсініктерін дамыту қажет.

Курстың өзектілігі:

«Ертегілер елінде» курсы бағдарламасының мазмұны балаларға ертегі оқып беріп, ой –қиялын дамытуға, қабілетінің артуына, еңбексүйгіштік, көркемдік, сұлулыққа және эстетикалық тәрбиелеу. Ертегі тыңдау арқылы ертегіні сахналай білуге үйрету. Халқымыздың эстетикалық мәдениетін, оның дамуын көтеріп, мәдени мұрасын қадірлеп сақтай білуге үйрету.

Курстың мақсаты:

Бұл бағдарламаның басты мақсаты - мектеп жасына дейінгі балада ертегі – ерекше жанр, ертегіде сиқырлы құралдар бар, балаға рухани ләззат беру.

Курстың міндеті:

- ертегі ерекшеліктері туралы түсінікті кеңейту;
- ертегі кейіпкерлеріне еліктеу;
- жаман – жақсы қылықты ажырата білу;

Курстың құрылымы:

Оқу материалының мазмұны мен құрылымы, тақырыптық жоспарлау үлгісі, оқушының дайындығына қойылатын талаптар.

Курстың практикалық маңызы:

Оқушылардың тақырыпты жетік меңгеріп, өзгеше танымдық шешу кезіндегі қоршаған ортадағы тіршілік иелерінің сыры туралы ой қорыту, ізденімпаздықпен жүйелі түрде жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

Сабақты жүргізу әдістері:

Теориялық, түсіндіру сабақтары

Білім алушылардың меңгеруге тиіс білімдері мен дағдылары:

- ертегі ерекше жанр екенін білу;
- ертегі құрастыра білу;
- қиялдарын суреттей білу;
- ертегі кейіпкерлерінен көрініс;
- әр түрлі жағдаяттарды талдау арқылы шешу.

Күтілетін нәтиже:

Білім алушының өз бетімен жұмыс жасауы;

Білім алушының ой-өрісінің дамуы;

Тілдерінің дамуы;

Шығармашылықпен жұмыс жасауы.

Бейімделген бағдарламамен оқытқанда оқушылар материалды терең түсінеді және жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады деп ойлаймын.

Ақпараттық анықтама:

Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі: 1 жыл.

Оқыту мерзімі: 2021 – 2022 оқу жылы.

Апта жүктемесі: 1 сағат.

Жылдық сағат саны: 33 сағат.

«Ертегілер елінде» тақырыбындағы таңдау курсының оқу тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Саны	Айы, күні
1	«Екі жел» ертегісі	1	07.09.2021
2	Үйкүстары. «Шұбартауық» ертегісі	1	14.09.2021
3	«Кішкентай бидай дәнінің саяхаты»	1	21.09.2021
4	«Күнді қалай ояттық?»	1	28.09.2021
5-6	«Ұр тоқпақ» ертегісі	2	05.10- 12.10.2021
7-8	«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі	2	19.10- 26.10.2021
9	Ертегілер әлеміне саяхат	1	09.11.2021
10	«Әтеш пен тышқан» ертегісі	1	16.11.2021
11-12	«Жеті қазынаның бірі» ертегісі	2	23.11- 30.11.2021
13	«Арыстан мен қоян»	1	07.12.2021
14-15	«Қасқыр мен жеті лақ»	2	14.12- 21.12.2021
16	«Қоянның құлағы неге ұзын?»	1	28.12.2021
17-18	«Үш торай» ертегісін сахналау	2	11.01- 18.01.2022
19	«Ит пен мысық адамға қалай дос болады»	1	25.01.2022
20-21	«Кім неден күшті?» ертегісі	2	08.02- 15.02.2022
22-23	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі	2	22.02- 01.03.2022
24	«Ертегілер еліне саяхат»	1	15.03.2022
25	«Тышқан мен торғай» ертегісі	1	05.04.2022
26	Кірқожаалаккызтуралыжағдаяттыталдау	1	12.04.2022
27	«Түлкі мен ешкі»ертегісі	1	19.04.2022
28	«Гигия мен Панацея ». «Сабын көпіршіктері»	1	26.04.2022
29-30	Төрт дос ертегісі.	2	03.05- 10.05.2022
31	Жабайы аңдар. «Арыстан мен түлкі»	1	17.05.2022
32-33	«Аңқау аю» ертегісі.	2	23.05- 24.05.2022

«Ертегілер елінде» тақырыбындағы таңдау курсының тақырыптық мазмұны:

1. «Екі жел» ертегісі - Табиғат құбылыстарының сұлулығын сезінеді.
2. «Шұбар тауық»ертегісі - Үй құстарының тіршілігі туралы түсініктерін кеңейтеді.
3. «Кішкентай бидай»ертегісі - Бидайдың өсуі мен нан пісіру кезеңдерімен танысады.
4. «Күнді қалай ояттық» ертегісі - Үй жануарлары, үй құстары туралы түсініктерін жалғастырады.
5. «Ұр, тоқпақ» ертегісі - Балаларды ертегі жанрымен таныстыру.Жақсы қасиеттерге тәрбиелеу
6. «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі – Дала құстары және жәндіктер туралы түсініктерін жалғастыру. Балаларды ертегісімен таныстырып, ертегі арқылы жақсы, қайырымды істер жасауға үйрету.
7. «Ертегілер әлеміне саяхат» - Өткен ертегілерді пысықтап, өз қалаулары бойынша ұнатқан ертегілердің рөліне еніп ойнауға, үйрету.
8. «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісі – Жабайы аңдар мен үй жануарлары туралы түсініктерін жалғастыру.
9. «Қоянның құлағы негеұзын?» ертегісі - Қоянның тіршілігі мен таныстыру.
10. «Үш торай» ертегісін саханалау - Торайдың тіршілігімен және ертегімен таныстыру. - Балаларды жақсы қасиеттерге тәрбиелеу.
11. «Ит пен мысық адамғақалай дос болады?» ертегісі - Тілін дамыту, сөздік қорын молайту.
12. «Кім неден күшті?» ертегісі - Жабайы аңдар мен үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту.
13. «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі - Жыл мезгілдері, апта, ай атауларын атауға үйрету.
14. «Ертегілер еліне саяхат» - Ертегілерді сахналай отырып, олардың ерекшеліктерін ажырату.
15. «Арыстан мен түлкі» ертегісі – жабайы аңдар туралы түсініктерін арттыру.
16. «Аңқау аю »ертегісі - Аю туралы түсінік беру, ертегіні сахналау

Мұғалімге ұсынылатын әдебиеттер тізбесі:

Жалпы орта білім беретін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартының негізі

Қосымша:

1. «Отбасы және балабақша» журналы. 2016жыл
2. «Мектепалды даярлық» журналы. 7 бет № 3 2018жыл
3. «Мектепке дейінгі білім» журналы. №4 2018жыл
4. «Сен білесің бе?» энциклопедиясы
5. Ю.М.Картушина «Зеленый уголок здоровья» 12 бет 2010 жыл
6. «Кел ойнайық балақай» 2010ж
7. «Ақ сандық, көк сандық» Алматы 2000ж.

Білім алушыға ұсынылатын әдебиеттер тізбесі:

1. «Балдырған» журналы 2019-2020 жж, № 1-12
2. «Айгөлек» журналы 2019-2020жж № 1-12
3. «Кел ойнайық балақай» 2010 ж
4. «Халық ертегілері» кітабы 2011 ж
5. «Қазак ертегілері» кітабы Алматы 2007ж

Барлығы 10 бет

баулаанып тігілген.

«27» 08 2021 жыл

Құрық Г.Ө.Нұрманова

